



ӨЗЕН

№14 (35) ЖЕЛТОҚСАН, 2018 ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

✿ АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ ✿

ЕСКІ ЖЫЛҒА ӨКПЕМІЗ ЖОҚ, ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҚСЫЛЫҒЫМЕН КЕЛСІН!

Міне, тағы бір жылды тарих қойнауына жіберіп, төрімізге келер Жаңа жылға санаулы күндер қалды. Жаңа жыл – өткенді саралап, келешекке бағдар жасайтын, ертеңге батыл жоспар құрып, үлкен міндеттер жүктейтін уақыт.

Өтіп бара жатқан 2018 жыл еліміз үшін, компаниямыз үшін қарқынды еңбек, үлкен жетістіктер мен табыстар жылы болды. Экономикалық-әлеуметтік маңызы бар құрылыс объектілері іске қосылды. Елбасымыздың дәстүрлі Жолдауларында жүктелген өндіріс процестерін цифрландыру бағытындағы тапсырмаларына сәйкес, толықтай жаңартылған жаңа өндірістік база жұмысын бастады. Әлемдік нарықтағы құбылмалы мұнай бағасына қарамастан кәсіпорынның ішкі тұрақтылығы сақталып отыр.



Биыл өзіміздің нақты іс жүзінде мұнай өндіру есебіміздің нәтижесі бойынша 2018-2028 жылдарға арналған геологиялық іс-шаралармен бірге Өзен кенорындары бойынша перспективалық мұнай өндіру жоспарын жасақтап, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ стратегиялық бағдарламасына енгізіп, бекіттік. Ендігі жерде Өзен кенорының мұнай өндірісі көлемін бір қалыпта ұстай отырып, мүмкіндігінше арттыру мақсатында 3 үлкен бағытта жұмыс жоспарлап отырмыз. Жыл басынан жасалған геологиялық-техникалық іс-шаралар жұмыстарынан 732 274 тонна қосымша мұнай өндірілді.

Мұнай және газ өндіру саласында мұнай өнімін арттыру мақсатында бірқатар жаңа жобалар іске қосылып, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. 2018 жылға 309,131 млн. м³. ілеспе газ өндіру жоспарланған болатын. 1 желтоқсанға дейінгі 11 айдың көрсеткіші бойынша ілеспе газды 7,894 млн. м³. артық орындап отырмыз.

Құрылыс қарқыны бәсеңдемейді. Биылдың өзінде 3 тұрмыстық-шаруашылық кешен, 1 әкімшілік-шаруашылық кешен, 3 модульдік ғимарат, 2 әкімшілік ғимарат және асхана іске қосылды. Өзен-Қарамандыбас-Жетібай жолының 13 шақырымы жөндеуден өтті. Қазір жалпы жолдың 85 пайызы толық жаңарды. Жалпы айтқанда, жылда 10 шақты нысан жаңаланып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. «Өзенмұнайгаз» АҚ әлеуметтік нысан 90 пайызға жаңарған деп нақты айтуға болады.

Туған қаламыз Жаңаөзен үшін де биылғы жыл мерекеге толы болды. Жаңаөзеніміздің жарты ғасырлық дәуірі

тарихымызда алтын әріппен жазылды. Осыған орай, қала әкімдігімен бірлесе отырып, көптеген мәдени-бұқаралық шаралардың өтуіне атсалыстық. Қалаға 10 street workout және 2 әмбебап спорт алаңы салынып, мектептерге компьютерлер сыйға тартылды. Бұл шаралар қаланың 50 жылдық торқалы тойына тарту ретінде «Өзенмұнайгаз» АҚ тікелей ұсынысымен «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ қолдауымен жасалған болатын.

Транспорт саласына келер болсақ, жыл сайын жоспар бойынша 100-120 көлік жаңаланып отырады. 2018 жылы 108 транспортты жаңарттық. Техникалар көлік әлемінде дәлелденген ірі кәсіпорындардан алынады.

Келер жылы Өзен мұнайының құтына айналған «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына 55 жыл толмақ. Мерейтойға орай іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар басталып кетті. Кәсіпорын тарихынан сыр шертетін деректі фильм, энциклопедиялық кітап жарыққа шығып, спорттық-мәдени шаралар ұйымдастырылмақ.

Сондай-ақ, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылған «Архив – 2025» бағыты бойынша да келер жылға ауқымды жоспарлар құрып отырмыз.

Одан бөлек, қызметкерлеріміздің біліктілігін арттыру, спорттық-мәдени шаралар ұйымдастыру және қатысу, демеушілік бағытындағы көмектер секілді көптеген өзекті мәселелер күн тәртібінен түскен емес.

Компанияның ең басты құндылығы – адам. Компанияда атқарылатын жұмыстардың бәрі мұнайшының игілігі үшін жасалады. 2019 жыл «Өзенмұнайгаз» АҚ «Еңбекті қорғау»

жылы деп жарияланды. Осыған орай, атқарылар іс-шаралар жүйесі жоспарланды.

«Алтын ережелер» – өндірісте болатын қауіпті жағдайлардың алдын алуға арналған баршаға түсінікті өте қарапайым және сенімді тәсіл деп есептеймін. Бұл ережелерді орындай отырып, Сіз бен Біз адам үшін ең басты құндылық болып табылатын өмірімізді сақтай аламыз.

Компания үшін әрбір жұмыскердің қауіпсіздігі аса маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. Сондықтан да, мен компания қызметкерлерінің саналылығына сене отырып, аталған ережелерді сақтайды деп үміттенемін. Алтын ережелерді орындаудан бас тарту – компания мүддесін сыйламау деп есептеймін.

«Адам түзелсе – дүние де түзеледі» деген керемет тәміл бар. Ендеше, алып кенорындағы еңбек қауіпсіздігінің мүлтіксіз сақталуына әрбір қызметкер жауапты деп есептеймін.

Барша қызметкерлерге өлкеніміздің өркендеуі, қала берді ел экономикасының дамуы жолындағы еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін! Жаңа жылда Сіздерге игілік пен ізгілік, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға бақ пен береке тілеймін! Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры қашан да берік, Туы биік болсын! Киелі Жаңаөзен халқының құты мен ырзығы арта бергей!

Жәнібек НҰҒМАНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры

«Өзенмұнайгаз» АҚ елімізде табысты дамып келе жатқан мұнай компанияларының бірі. Мұнай қорын есептеу, жаңа көздерін табу компания мамандарының үздіксіз жұмысы.

Газетіміздің арнайы шығарылымында «Өзенмұнайгаз» АҚ бас геологы Күләш Рахатовамен сұхбат жүргізіп, компаниямыздың жұмысы барысында атқарылып жатқан геологиялық-техникалық іс-шаралар туралы әңгіме өрбіткен болатынбыз.

– Қазіргі таңда мұнай өндіру ісі заманауи техникаларды жетілдірумен бірқатар алға адымдаған. Сіздердің күнделікті геологиялық зерттеу жұмыстарыңыздың барысы қалай, қандай іс-шаралар жоспарланған?

– Бүгінгі таңда, яғни 2018 жылы 5,481 млн.тонна мұнай өндіріп отырмыз. Осы мұнай өндіру жоспарын орындауды қамтамасыз ету үшін «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша 2018 жылы 3000-нан астам скважиналарға геологиялық-техникалық іс-шаралар (ГТШ) жүргізу, соның ішінде негізгі басты ГТШ түрлері – жаңа скважиналарды бұрғылау, қабатты су арынымен жару (ҚСАЖ-ГРП) және күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған. Аталған іс-шаралардың орындалысы нәтижесінен күтілетін мұнай өнімі 721 мың тонна болатын.

2018 жылы Өзен және Қарамандыбас кенорындарында жоспарға сай 255280 метр тау жынысы қазылып, 179 пайдалану скважиналарының құрылысы бітті. Олардың ішінде 142 мұнай және 37 су скважиналары бар. Бұрғылаудан қабылданған мұнай өндіру скважиналары бойынша өндірілген қосымша мұнай өнімі 230,552 мың тонна. Бұрғылаудан қабылданған су айдау скважиналары бойынша қабатқа айдалған су мөлшері 681 807м3 құрады, бұл скважиналардың орта тәуліктік қабылдауы 246м3/тәу.

Күләш РАХАТОВА,
Бас геолог:

– Қоғам өзіне тиесілі нысандарда жөндеу жұмыстарын, қалпына келтіру шараларын үнемі атқарып отырады. Бүгінгі таңда атаулы салада қандай жұмыстар атқарылған? Олардың мұнай өнімін арттыруға әсері қаншалықты?

– Қоғамның 912 ұңғысында, соның ішінде 639 мұнай өндіру қорының және 273 су айдау қорының скважиналарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Бұрғылаудан шыққан жаңа скважиналарда қабатты қысыммен жару жұмыстары (ГРП) 95 скважинада жүргізілді, өндірілген қосымша өнімі 169,280 мың тонна. Ал, көлбеу қазылған 3 скважина бойынша нақты тәуліктік өнімі 24,9 тоннаны құрады.

Бұдан басқа, қозғалыстағы скважиналар қоры бойынша жасалған қабатты су арынымен жару технологиясы 159 скважинаны қамтыды. Алынған қосымша мұнай өнімі 260 мың тонна. Сонымен қатар, ағымдағы жылы алғаш рет көп сатылы ҚСАЖ (многостадийное ГРП) технологиясы 3 көлденең қазылған скважиналарда жасалды.

Мұнай өнімін арттыру тәсілдерінің бірі ату-жару жұмыстары, атап айтсақ, ату аралықтарын қайта ату және кенорынның игеруінде пайдаланбаған қабатты қосымша ату жүргізіліп, экономикалық тиімділігі тұрғысында бағасы төмен болғандықтан ең тиімді жұмыстар болып саналады.

Ағымдағы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ату-жару жұмыстарынан жоспарлы – 62858 тонна орнына – 72442 тонна мұнай өнімі алынды. Қорыта келе, жыл басынан жасалған геологиялық-техникалық іс-шаралар жұмыстарынан -732 274 тонна қосымша мұнай өндірілді.

Өзен және Қарамандыбас кенорындарында басты мәселелердің бірі болып саналатын, скажиналардың сулану көрсеткішін тұрақтандыру және қарқынын төмендету мақсатында, жаңа тиімді технология табу аясында су айдау скважиналарының қабылдау кескінін теңестіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 7 түрлі технологияның ішінен 4 технология іріктеуден өтіп, көлемді түрде 200 су айдау скважиналарында аталған технология бойынша су айдау кескінін теңестіру және ағынын тоқтату жұмыстары қарқынды жүруде. Жылдың аяғына дейін толықтай жоспарлы жұмыстар аяқталуы күтілуде.

Қосымша жыл сайынғы скважиналардың түп аймағын химиялық өңдеу жұмыстары (ВУВЭ, ЭКВ, МГРП, ВУС) өз

нәтижесін беруде, 11 айдың қорытындысы бойынша ВУВЭ 198 скважина, ЭКВ 275 скважина, МГРП 78 скважина және ВУС 61 скважинада орындалды.

– Барлығымыздың тіршілігіміз тікелей мұнай саласына қатысты болғандықтан, геологиялық мұнай қорының түпсіз емес екендігін де білеміз. Геолог маман ретінде, Өзен кенорының шикізаттық қуаттылығы туралы айта кетсеңіз.

– Қазіргі уақытта, Өзен кенорының бастапқы геологиялық мұнай қорының 33% өндірілген болса, Өзен кенорында әлі де мұнай қоры жеткілікті. Баса айта кететін жайт, биыл біз өзіміздің нақты іс жүзінде мұнай өндіру есебіміздің нәтижесі бойынша 2018-2028 жылдар мерзіміне арналған геологиялық іс-шаралармен бірге Өзен кенорындары бойынша перспективалық



«МҰНАЙ ӨНДІРІСІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА 3 ҮЛКЕН БАҒЫТТА ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАНУДА»

мұнай өндіру профилін (жоспарын) жасақтап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ стратегиялық бағдарламасына енгізіп, бекітіп алдық. Түйіндеп айтатын болсақ, біз алдымыздағы жылдарда тұрған межелермен бағыт-бағдарымызды айқындадық.

– Атаулы бағыт жөнінде толығырақ тоқтала кетсеңіз.

– Алда әлі де істелетін жұмыстар баршылық. Өзен кенорының мұнай өндірісі көлемін бір қалыпта ұстап тұра отырып, мүмкіндігінше арттыру мақсатында 3 үлкен бағытта жұмыс жоспарлап отырмыз. Бірінші, кенорында ұңғылардың пайдалану қорын, әсіресе төменгі қабаттардағы саны және сапасы бойынша қалпына келтіру, жақсартылған конструкциямен қазу, күрделі жөндеу арқылы және қолымыздағы бар қорға ревизия жасап, оның ішінде жұмыс жасамайтын, суланған және өнімі төмендеген, техникалық ақаулары бар скважиналарды анықтап, іске қосып, тиімді пайдалану жұмыстарын жасақтау, яғни рентабельдігі төмен скважиналарға екінші өмір беру; екінші, қабатқа айдалатын теңіз және қосымша мұнаймен өндірілетін қабат суын тазалап, дайындау бағдарламасын іске асыру арқылы қазіргі жағдайда туындап отырған технологиялық өзекті мәселелерді шешу (туздану, коррозия процестерінің агрессиялық өсуі салдарынан болып жатқан ұңғылардың, жерасты, жерүсті инфраструктуралық құрылымдардың, кәсіпшіліктердегі, бүкіл мұнай өндіру, тасымалдау, жинау жүйелеріндегі жабдықтардың тез тозуы, істен шығуы, скважиналардың өнімі азаюы, жөндеуаралық мерзімнің азаюы т.б.) жолында жаңа технологияларды тауып енгізу; үшінші, қабат қысымын сақтаудағы қабатқа су айдау жүйесінің жұмыстарын жақсартуға және мұнай өндірудің көлемін арттыруға жасақталған кешенді «Қабат-Ұңғы-Жерүсті» инфраструктурадан тұратын ауқымды геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау.

Сонымен қатар, 2018 жылы біздің қоғамның стратегиялық маңызды бағытының бірі ресурстық базасын толықтыруды

қамтамасыз ету үшін Өзен және Қарамандыбас кенорындарына және оған іргелес аумақтардың геологиялық құрылымдарын, мұнайгаздылығын зерттеу, перспективаларын бағалау, юра, триас, палеозой шөгінділерінен жаңа кенорындарын іздеудің бағыттарын негіздеу мақсатында барлау жұмыстары жасалды. Яғни, ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында 669 шаршы метрге сейсмо-барлау жұмыстары жүргізілді.

2018 жылдың ақпан айында Үш өлшемді (3Д) сейсмо-барлау жоғары қарқынды деректерді өңдеу және интерпретациялау бойынша жұмыстары басталып, үшінші және төртінші квартал ішінде осы аралықтағы жоспарланған жұмыстар кезеңі аяқталды.

Бұл жасалған сейсмосбарлау жұмыстарының қорытындысымен палеозой жасындағы Өзен-палеозой құрылымы анықталып көміртегі ресурстарының бар екендігі расталды. Көміртек перспективаларын анықтау үшін триас және палеозой қабаттарын зерттеу мақсатында тереңге қазылатын іздеу-барлау PZ-1a ұңғысының құрылысы жөніндегі топтық техникалық жобасы осы жылдың қараша айында бекітілді. Осы іздеу-барлау PZ-1a ұңғысына байланысты алдын-ала дайындау жұмыстары толығымен жасақталды.

Үш өлшемді (3Д) сейсмосбарлауға байланысты калған жұмыстар орындалысы (өңдеу және интерпретациялау), седиментологиялық зертханалық талдауларын жүргізу, сейсмо-барлау жұмыс нәтижелері бойынша юра, триас қабаттарындағы корреляция нәтижесін анықтау-алдымыздағы 2019 жылдың еншісінде. Ал іздеу-барлау PZ-1a ұңғысының құрылыс жұмыстары 2020 жылға қарастырылған.

– Әңгімеңізден ресурстық базаны толықтыру бағытында жұмыстың қарқынды атқарылып келе жатқанына көз жеткізіп отырмыз. Алда пісіп жетілуі мүмкін геологиялық қорлардың ауқымы қандай?

– Қоғам ресурстық базасын толықтыру мақсатында геологиялық қордың С2 деген категориясы зерттелуде. Бұл мемлекеттік қорда арнайы есептелмеген, тек қана геологиялық және геофизикалық мәліметтерден мұнай-газ көзі бар екені анықталған өндірістік емес қор болып саналады. Соны С1 мемлекеттік есепте кіретін категорияға ауыстыру, яғни қорымызды ұлғайту мақсатында Қарамандыбас кенорына кешенді шаралар жасақтап, оны орындап жатырмыз. Кешенді шарада тиісті ұңғыларда жасақталатын жұмыстар толық қарастырылған. Шараның орындалысын геология және барлау бөлімдері қадағалауда. Әрбір қабатты атып-жарып, геофизикалық, гидродинамикалық зерттеулер жасай отырып, ұңғыларды жіберіп, игеру нәтижесінде алынған өнімді актілеу сияқты жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Мұны мұнай-газ ғылыми-зерттеу институтының мамандары ары қарай өңдеп,

толыққанды есеп жасақтап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қор жөніндегі комитетінде қорғайды, сөйтіп мемлекеттік балансқа алынады. Мемлекеттік балансқа енген мұнай қорын тиімді өндіру мақсатында, аталған институттың жасаған кенорындарының геологиялық-гидродинамикалық моделін кең ауқымда пайдаланудамыз. Мұнда әр ұңғының бүкіл тарихы, барлық жасалған шаралары арнайы бағдарламаға енгізілген. Компьютерде отырып, әрбір ұңғыны, әрбір қабатты көріп, соған сәйкес геологиялық-техникалық шара жасақтап, өндірілетін өнімнің тиімділігін арттырып отырған жайымыз да бар.

– Аз күндерден кейін ел тарихы тағы бір жылды артта қалдырып, Жаңа жылға қадам басқалы отыр. Әдеттегідей, жыл аяғында үстіміздегі жылды сараптап, артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айта кетсеңіз.

– Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2017 жылы Қарамандыбас кенорының 25-ші қабаты бойынша 17 364 000/6 893 000 тонна қосымша мұнай қоры аударылса, 2018 жылы Қарамандыбас кенорыны бойынша 5 игеру қабаттарына (14, 15, 21, 22, 23,) осындай С2 категориясынан С1 категориясына мұнай қорын аудару жоспарлануда. Осының арқасында геологиялық және алынатын қорымыз тағы да 63 838 000/18 948 000 тонна мұнайға өседі деген болжамымыз бар.

Бұдан басқа, 2019 жылы Қарамандыбас кенорыны бойынша 4 игеру қабаттарына (13, 19, 20, 24) осындай С2 категориясынан С1 категориясына аудару арқылы мұнай қорымызды тағы да өсіру жоспарда.

Алда келе жатқан Жаңа жылмен барша жаңаөзендіктерді, әріптестерімді құттықтаймын. Жаңа жыл игілігімен, берекесімен келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

– Мағыналы да мәнді сұхбатыңызға рахмет! Мұнайымыз артып, жағдайымыз жақсара берсін.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ НЕГІЗГІ БУЫНЫ – мұнай және газ өндіру саласының өндірістік қызметін жетілдіру

Мұнай және газ өндіру саласының негізгі қызметі – мұнай және газдың жоспарлы орындалуын қамтамасыз ету, өндіру-дайындау процесінде жаңа технологияны қолдану, өндіру-тасымалдау кезіндегі қиыншылықтардың алдын-алу, геологиялық-техникалық шаралардың уақытылы орындалуын қадағалау болып табылады.

2018 жылға 5 590 мың. тн. жоспарланып, 2018 жылдың 11 айында нақты 5 016 мың. тн. мұнай өндірілді. Өткен 2017 жылдың 11 ай көрсеткішін 5 013 мың. тн. ағымдағы жылмен салыстырмалы түрде қарағанда 2 975 тн. артық орындап келе жатқанымыз байқалады. Мұнай және газ өндіру саласы бойынша мұнай өнімін арттыру мақсатында бірқатар жаңа жобалар іске қосылып, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

2018 жылға 309,131 млн. м³. ілеспе газ өндіру жоспарланған болатын. 1 желтоқсанға дейінгі 11 айдың көрсеткіші бойынша ілеспе газды 7,894 млн. м³. артық орындап отырмыз.



Ермеқ ҚАРАМҰРЗАЕВ,
Өндіріс жөніндегі
басқарушы директор

мыстары (бұдан әрі – ФЗЖ) жүргізіліп, оң нәтижесін беріп, бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

1) Қабат қысымын ұстауға айдалып жатқан теңіз суын және айырылған ілеспе судың сапасын

МҰНАЙ ГАЗ ӨНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты Өзен, Қарамаңдыбас кенорындарында мұнай өндіруде өзекті мәселеге айналып отырған жиі жөнделетін қордағы скважиналарды барынша азайту. Скважинаның жөндеу аралық кезеңін 105 тәуліктен 365 тәулікке дейін жеткізу, скважинаның бос тұрыста тұруына, құбырлардың тұздануы, тез коррозияға ұшырау салдарынан мерзімінен бұрын істен шығып, жарылып төсілуіне жол бермеу. Қабат қысымын ұстау мақсатында жер қойнауына айдалып жатқан теңіз және ілеспе судың сапасын жақсарту.

Мұнай және газ өндіру саласы бойынша жоғарыда көтерілген мәселелердің алдын-алу мақсатында «НИИ ТДБ КМГ» ЖШС филиалы «КазНИПИмұнайгаз» ғылыми зерттеу институтымен бірлесе ғылыми зерттеу жұмыстары (бұдан әрі – ФЗЖ) жүргізіліп, оң нәтижесін беріп, бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

1) Қабат қысымын ұстауға айдалып жатқан теңіз суын және айырылған ілеспе судың сапасын

жақсарту, жерасты және жерүсті жабдықтарының коррозияға ұшырауынан сақтау, сульфат түзуші бактерияға, тұзға және қиын бөлінетін мұнай эмульсияның түзілуіне қарсы химиялық қоспа айдау.

Жоба құны: 491 491 мың теңге

2018 жылдың 5 наурызында МСАААҚ-1,2 (УПСВ-1,2) ілеспе судың шығысында және барлық су айдау нысандарында 620,9 тн бактерицид айдалып, НСМ-4 арқылы 16 032 164 м³ теңіз суы өңделді. 9 ай бактерицидпен өңдеудің нәтижесінде 79 Топтық қондырғылардан алынған сынамада ілеспе газдағы күкірт сутегінің бастапқыдан 2,3 есе азайғанын байқауға болады. (353 ppm-нан 150 ppm-ге дейін). Бұл дегеніміз жабдықтардың тұздануы және коррозияға ұшыраудың азайғанын білдіреді.

2) 152 скважинаға тұзға және коррозияға қарсы химиялық қоспаны скважинаның түп аймағына тамшылату әдісі арқылы игеру.

Жоба құны: 436 710 мың теңге

Бүгінгі таңда Қоғамға қарасты 79 топтық қондырғыларда және 320 өлшеу қондырғыларында тұзға және коррозияға қарсы химиялық реагенттер айдалып оң нәтижесін беруде.

2018 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша компания Энергетика министрлігінің квотасына сәйкес 2 567 мың тонна мұнайды экспорттық бағыттарға, сонымен қатар 2 434 мың тонна мұнайды ішкі нарыққа жолдады. Компания республикамыздың мұнай өңдеу зауыттарын шикі мұнаймен қамтамасыз етіп, яғни елді жанармай өнімдерімен қамту бағытында өзінің сүбелі үлесін қосып келеді.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, мұнай экспорттаушы мемлекеттер ұйымына қарасты елдер (МЭМҰ) Ресеймен бірлесе отырып күнделікті мұнай өндіру көлемін төмендету мәселесі бойынша белгілі келісімге келген болатын. Алайда, әлемдік мұнай бағамдары айтарлықтай өзгермеді, барреліне 60 доллар және оданда төмен деңгейде тұр, яғни әлемдік мұнай бағамдары тұрақтанады немесе өседі деп ашық айтуға әлі ерте, себебі мұнайға деген сұраныстан ұсыныс балансы көбірек болып

Қуаныш БЕКМАҒАНБЕТОВ, Экономика және жоспарлау жөніндегі басқарушы директор

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА МҰНАЙДЫҢ ӘР ТАМШЫСЫ МАҢЫЗДЫ



кіретін мұнай өндіру көлеміне де өз әсерін беретіндігі белгілі. Өндірістік жоспардың орындалмауы компанияның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізіп отыр.

Мұнай өндіру жоспарының орындалмауына және мұнай бағамдарының тұрақтанбауына қарамастан компания шығындары жылдан жылға өсуде. Компания жұмысшылар алдында барлық тиісті әлеуметтік міндеттемелер мен еңбекақыны белгіленген тәртіппен уақтылы төлеп келеді, сонымен қатар салықтық міндеттемелер де орындалуда (2018 жылдың 11

айының қорытындысы бойынша операциялық шығындардың 64% персонал шығындары, салықтар және міндетті төлемдер).

Негізгі қорларды жаңарту және күрделі жөндеумен реконструкция жұмыстары бағытында да компания жыл сайын күрделі салымдарға қыруар қаражат бөліп келеді. Атап айтқанда, 2016 жылы 63,2 млрд. тенге, 2017 жылы 79,9 млрд. тенге, 2018 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша 83,8 млрд.тенге игерілсе, 2019 жылға 106 млрд.тенге жоспарланып отыр.

Шығындардың өсуі бұдан ары жалғаса беретін болса, егер әлемде болып жатырған өзгерістерді ескере отырып, өндірістік және қаржылық тиімділік арттыру мақсатында тиісті шешімдер қабылданбайтын болса, компанияның қаржылық болашағы аса қиын болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, компания әлемде болып жатқан нарықтық жағдайға бейім және дайын болуы қажет.

Қаржылық тұрақтылықты сақтау үшін қандай шаралар қарастырылмақ?

2019 жылдың бюджеті Қоғамның директорлар кеңесі шешімімен 2018 жылдың 31 қазанында бекітілген болатын. Аталған бюджетте мұнай бағасы барреліне 70 доллар көлемінде қарастырылған, ал қазіргі нақты баға одан әлде қайда төмен болып отыр (57-60 доллар). Қазіргі таңда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшылығы тапсырмасы бойынша, компанияның дағдарысқа қарсы (антикризисный) бюджет жобасы жасақталуда. Бюджет жобасында мұнай бағасы барреліне 45-55 доллар көлемінде болғанда, компания шығындары қалай өзгертіндігі қарастырылып, компанияның қаржы жағдайы кем дегенде өзін-өзі жабуы керек. Осыған байланысты, компанияның алдағы уақыттағы басым бағыттары анықталып, шығындарды оңтайландыру бойынша тиісті шешімдер қабылданады.

Әлемдік нарықта мұнай бағасы қандай және қалай болмақ?

Баға мәселесіне келер болсақ ішкі нарық бағасы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қолдауымен қайта қаралып, өскен болатын, яғни қазіргі таңда ішкі нарық бағасы мұнайдың өзіндік құны және мұнайды тасымалдау шығындарын қоса алғандағы формула бойынша анықталады. «BRENT» маркалы мұнай бағасы да, әлемде болып жатқан геосаяси құбылыстарға және ұсыныспен сұраныстың балансына сәйкес өзгеріп тұр. Жыл басынан ең төмен баға барреліне 57,3 долларды құраса, ең жоғары баға 86,2 долларды құрады, ал орташа есеппен баға 72,3 долларды құрап отыр.

тұр. Өздеріңізге белгілі Америка құрама штаттары 2018 жылдан бастап, соңғы 27 жылдан бері қаралмаған шешімді қабылдады, олар өздерінің стратегиялық мұнай қорларын қолдануды бастады, сонымен қатар тығыз қабаттардан өндірілетін мұнай (сланцевая нефть) қорларын игеруде. Жалпы айтқанда, әлемде жаңа технологиялардың даму қарқыны өсуде, адамдар электромобильдерді қолдануға көшуде, бұл өзгерістер экологиялық проблемалар және де жанар-жағармай бағаларының жоғарлауы салдарынан туындап жатырған өзгерістер деп білеміз. Демек, бұл өзгерістер алдағы уақытта әлемдік мұнай бағамдарының өсуіне кері әсерін тигізетіндігі сөзсіз.

Мұнай бағасының тұрақтанбауы өндірістік компаниялардың қаржылық жағдайына әсер етпей қоймасы анық. Бұл жағдайдың мұнайшыларға жасалатын тиісті әлеуметтік көмектер мен еңбекақыға әсері бола ма?

2018 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша компания мұнай өндіру жоспарын 81,4 мың тоннаға аз орындады. Бұл көрсеткіш жылдық жоспардың орындалуына және одан ары 2019 жылға

КОМПАНИЯНЫҢ ЖАҒДАЙЫ SWOT ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ

ІШКІ ФАКТОРЛАР	
Күшті жақтары (+)	Әлсіз жақтары (-)
– Қолданыстағы деректер базасы 50 жылдан астам, – Материалдық-техникалық база, – Білікті басқару персоналы	– Скважиналар қорларының ескіруі, – Өнімнің сулануы, судың дайындалмауы, – Жөндеуаралық кезеңнің төмендігі, – Техника қауіпсіздігінің сақталмауы, – Жоғары мұнай өндіру шығындары (лифтинг) және күрделі салымдар
СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР	
Мүмкіндіктер (+)	Қауіп-қатерлер (-)
– Геологиялық-техникалық шаралар мен жаңа технологиялар арқылы кенорындардағы мұнай қорларын игеру, – Барлау жұмыстарын жүргізу, – Еңбек өнімділігін арттыру	– Әлемдік мұнай бағамдарының төмендеуі, – Баламалы энергия көздерін іздестірудегі жаһандық үрдістердің артуы, – Жоғарғы салықтық жүктемелер



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін 2018 жыл өте күрделі, маңызды жылдардың бірі болды. Көптеген әлеуметтік мәселелер өз шешімін тапты. Бірқатар нысандар іске қосылды. Атап айтқанда, №2 МГӨБ пен ӨТҚЖЖБ төрт тұрмыстық-шаруашылық кешен, АхТБ бір әлеуметтік-шаруашылық кешен, №4 МГӨБ үш модульдік ғимарат және №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының әкімшілік ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Толықтай жаңа заманауи технологиялармен жабдықталған МӨҚЖТЖБ әкімшілік ғимараты да биылғы жылдың қаңтар айында ресми ашылған болатын. Айта кететін тағы

маңызы бар жол, оның 43 км біздің кенорындар арқылы өтеді. Соның біз қазір 85 пайызын толық жөндеп болдық. Келер жылы 100 пайызға жаңалаймыз деген меже қойып отырмыз. Жалпы соңғы 4-5 жылдықта барлық өндірісшілік жолдарымыз жақсы ретке келді деп айтуға болады.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК – КӘСІПОРЫНҒА МІНДЕТ

Құрылыс нысандарынан бөлек, ұжымдық шартта қаралған әлеуметтік көмектердің бәрі қамтылды. Мерекеге сыйақылар, материалдық

Сондай-ақ, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ мекемелерінің арасында өтетін дәстүрлі спартакиада ойындарынан да үнемі алдыңғы орындарды қанжығалап келеміз. Одан бөлек, компания жанынан құрылған Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен мұнайшылар арасында жайдарман ойыны, рационализаторлық жобалар байқауы дәстүрлі түрде өтеді. Биыл компаниямыздың жастары команда құрып, республикалық Жайдарман жоғарғы лигасында өнер көрсетті. «Өзенмұнайгаз» АҚ республика деңгейінде Жайдарман ойнап жүрген бірден бір өндірістік мекеме. Мұндай шаралардың компания имиджін көтеруде үлесі зор.

Корпоративті «Өзен» газеті, «Өзен TV» телеарнасы да қызметкерлерімізді дер кезінде қажетті ақпаратпен қамтып отыру үшін іске қосылған болатын. Қазір бұл жобалар

өз жемісін беріп, тиісті деңгейден көрінуде, компанияның экономикалық-әлеуметтік өмірі осы ақпарат көздерінде қамтылып келеді.

КОМПАНИЯДАН – 50 ЖЫЛДЫҚҚА СЫЙ

Өтіп бара жатқан 2018 жыл біздің қаламыз үшін тарихи жыл. Өздеріңізге белгілі, биыл Жаңаөзенге 50 жыл толды. «50 жылға – 50 шара» деген ұранмен қала әкімдігімен бірлесе отырып көптеген ауқымды шараларды қосыла атқардық.

Қала тарихынан, өлкенің құрылуына, дамуына үлес қосқан азаматтардың өмірінен сыр шертетін «Қойнауы құтты Жаңаөзен» энциклопедиясының жарық көруіне «Өзенмұнайгаз» АҚ 60 млн. теңге көлемінде қаражат бөлді. Концерттік бағдарламалар, алыс-жақыннан шақырылған қонақтарды күтіп алу, елімізге белгілі әртістерді шақыру, спорттық жарыстар ұйымдастыру жағына демеушілік көрсетті.

Өңірдегі бұқаралық спортты дамыту мақсатында компаниямыздың тікелей ұсынысымен «Самұрық-қазына Trust» ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен қалаға 10 спорттық street workout (көше жаттығу алаңы) және №7, №10 орта мектептердің жанынан әмбебап спорт алаңдары салынды. Қаладағы орта білім беретін 10 мектепке әрқайсысына 13 компьютерден сыйға тартылды.

Сенбілік, көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылады, төтенше жағдайларда техникамен қамтамасыз етіледі және қаржылай көмектер көрсетіледі. Мүгедектер қоғамы, ардагерлер ұйымы, спорт клубтары да назардан тыс қалған емес. «Мектепке жол» акциясы аясында биыл компания атынан 140 бала оқу құралдармен қамтылды.

2017 жылы қараша айында Теңге ауылында баршамыздың қабырғамызды қайыстырған өте бір қайғылы жағдай орын алған еді. Жолаушы тасымалдайтын ГАЗель автокөлігі мен тепловоз соғысып,

ЕҢБЕККЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУ БАРЫСЫНДА

бір қуанышты жайт – бұл басқармада жаңа асхананың салынып, жұмысшылар игілігіне берілуі. Жыл аяғына дейін №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасының әкімшілік ғимараты іске қосылмақ. Сондай-ақ, №2, 3 СҚКБ, БЖБ цехтарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Кәсіпорынның құрылыс қарқыны жоғары. Жыл сайын 10-нан аса нысан жаңаланады, 5-6 объект күрделі жөндеуден өтеді. Қазір

көмектер, Ауған соғысы ардагерлеріне, мүгедектерге, зейнеткерлерге төленетін төлемдер уақтылы жасалды. 4300 бала Қазақстанның әр аумағында жазғы лагерлерде, 2500 қызметкер емдеу-сауықтыру орындарында демалды. Кендірлі аймағында орналасқан 1 күндік демалыс базасы, «Медикер» дәрігерлік-оңалту орталығында да жылына мыңнан аса қызметкеріміз емдомын қабылдайды. Демалыс орындарына мұнайшылардың шағымы жоқ, сапасы жақсы, жолдама саны да жоғары. Бұл орайда әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі зор.

МҰНАЙШЫЛАР ҚОҒАМДЫҚ ІС-ШАРАЛАРДА БЕЛСЕНДІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ қай кезде де қоғамдық-мәдени шаралар, спорттық жарыстар ұйымдастырудан және мұндай іс-шараларға белсене қатысудан тыс қалған емес. Жыл сайын «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ меке-

мелері арасында «Үздік маман» байқауы өтеді. Биыл сайыс Маңғыстау өңірінде «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ объектілерінде болды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды анықтайтын додада компаниямыз жалпыкомандалық есепте I орыннан көрінді. Бұл тағы бір мәрте біздің өндірістегі мамандарымыздың өз ісінің шеберлері екенін дәлелдеді.



Мақсат ИБАҒАРОВ, Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары

«КАМАЗ» ААҚ ТМД БОЙЫНША ТЕҢДЕССІЗ ЗАУЫТ. 50 МЫҢ ЖҰМЫСШЫСЫ БАР, КҮНІНЕ 200 ТЕХНИКА, ЖЫЛЫНА ОРТА ЕСЕППЕН 38-39 МЫҢ ДАЙЫН КӨЛІК ШЫҒАРАДЫ. ӨЗ ӨНІМДЕРІН ТМД ЕЛДЕРІНЕН БАСТАП СОҢАУ ЕУРОПА, АМЕРИКАҒА ЭКСПОРТТАЙДЫ. БҮГІНДЕ БІЗ ОСЫНДАЙ ТЕХНИКА ӨЛЕМІНДЕГІ «ГИГАНТТАРҒА» ӨЗ ШАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚОЙЫП, ОНЫ ОРЫНДАТА АЛАТЫН ДӨРЕЖЕДЕМІЗ. БҮЛ – ЕҢ АЛДЫМЕН БІЗДІҢ МАМАҢДАРЫМЫЗДЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІЛІГІНІҢ ТАҒЫ БІР АЙҒАҒЫ.

компания бойынша 90 процент әлеуметтік нысандар толығымен жаңарған деп айтуға болады.

ЖАҢАРҒАН ЖОЛДАР

Өзен-Қарамандыбас-Жетібай жолының 13 шақырымы жөндеуден өтті. Бұл облыстық

3 тұрмыстық-шаруашылық кешен
1 әкімшілік-шаруашылық кешен
3 модульдік ғимарат
2 Әкімшілік ғимарат
1 Асхана
Іске қосылды



№2 СҚКБ, №3 СҚКБ, БЖБ
цехтарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді



Өзен-Қарамандыбас-Жетібай жолының
13 шақырымы жөндеуден өтті. Қазір жалпы жолдың 85 пайызы толық жаңарды



4300 бала жазғы лагерлерде, 2500 қызметкер емдеу-сауықтыру орындарында демалды.



«Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ мекемелері арасында өтетін «Үздік маман» байқауының биылғы кезеңінде «Өзенмұнайгаз» АҚ жалпыкомандалық есепте I орынды иеленді



бірнеше адам мерт болды, аман қалғандары ауыр жарақатпен ауруханаға түсті. Компания өз тарапынан бұл оқиғада зардап шеккен жандарға қолдан келгенше көмегін аямады. Екі бірдей аяғынан айырылған Динара есімді кішкентай қызымызды өз қамқорлығына алып, оған протез жасату үшін қомақты қаражат бөлді. Таяуда ғана Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Әділ Сүйебай Динарамен Швейцарияның Цюрих қаласында орналасқан ауруханаға бірге барып келді.

55 ЖЫЛДЫҚҚА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Келер жылы Өзен мұнайының қара шаңырағына айналған «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына 55 жыл толады. Дайындық қызу. Жоспар көп. Мекеменің сонау іргетасы қаланған сәттен бастап күні бүгінге дейінгі тарихы, осы тарихтың сағасында тұрған алғашқы жұмысшылар туралы энциклопедия шығару ойда бар. Спорттық-мәдени шаралар ұйымдастырылмақ. Одан бөлек, ағымдағы әлеуметтік-тұрмыстық, әкімшілік нысандардың құрылыстары жоспарлы түрде жүзеге асырыла береді. Жұмысшыға әлеуметтік көмектер, ұжымдық шартта көрсетілген барлық пункт сақталады.

ТЕХНИКАЛАР ТЕҢДЕССІЗ ЗАУЫТТАРДАН ТАҢДАЛАДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ балансында 1500 транспорттық техника бар. Жыл сайын жоспар бойынша 100-120 келік жаңаланып отырады. 2018 жылы 108 транспортты жаңарттық. Оның ішінде заманауи 44 адамдық 4 Hyundai euro-5 автобустарын алдық. Транспорттың басым бөлігі ең соңғы

режние Челныда орналасқан соңғы зауыттың іргетасы сонау Кеңес дәуірінде 1969 жылдары қаланған. ТМД бойынша теңдессіз зауыттың 50 мың жұмысшысы бар, күніне 200 техника, жылына орта есеппен 38-39 мың дайын келік шығарады. Өнімдерін ТМД елдерінен бастап сонау Еуропа, Америкаға экспорттайды. Осындай алпауыт кәсіпорыннан жылына 100-ден астам техника сатып алынады. Өнімді жасау процесін, өндірісте қалай жұмыс істейтінін өз көзімізбен көру үшін «КАМАЗ» орталығына арнайы тур да ұйымдастырылды. Бүгінде біз осындай техника өлеміндегі «гиганттарға» өз шарттарымызды қойып, оны орындата алатын дәрежедеміз. Бұл – біздің мамандарымыздың жоғары біліктілігінің тағы бір айғағы. Сол үшін де транспорт саласындағы қызметкерлерге, өндірістегі жігіттерге көптен көп алғысымызды айтамын.

Қалада «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жанар-жағармай құю бекеттері тоқтаусыз жұмыс істейді. Қазіргі нарықта жанармай бағасы тұрақсыз. Сондықтан, форс-мажорлық жағдайлардың алдын алу мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастыруымен май құю бекеттерінде 3 ай мерзімге қор жинаулы тұрады.

Көліктерімізге керек барлық қосалқы бөлшекпен жабдықтаушы өзіміздің жергілікті «Диас-сервис» ЖШС. Өткен жыл ұсынылатын бөлшектер атауы 6000-ға жуық болса, биыл 7000-нан астам. Керек қосалқы бөлшек ары кетсе 2-3 күннің ішінде жеткізіліп тұр. Бұл өндірістің кідіріссіз жұмыс істеуіне өз септігін тигізеді.

ЖҰМЫС КӨП, ЖОСПАР ЖЕТЕРЛІК

Атқарылған іс аз емес, алдағы жұмыс одан да көп. «Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта»



”

ӨНДІРІСТІ ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ. ТЕХНИКА ЖАҢАЛАНҒАН САЙЫН ОНЫҢ ТІЛІ ДЕ КҮРДЕЛЕНЕ ТҮСЕДІ. СОНДЫҚТАН, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІ ОҚЫТАМЫЗ, ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫНДАРҒА ЖІБЕРЕМІЗ НЕМЕСЕ АРНАЙЫ МАМАНДАР ШАҚЫРТЫП, ОҚУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРАМЫЗ. КҮНІ КЕШЕ 7 МАМАН ОҚУЫН АЯҚТАДЫ. НӘТИЖЕ ӨТЕ ЖАҚСЫ.

Айтқали БАШЕНОВ,
Транспорт жөніндегі басқарушы директор

үлгідегі ЕВРО-3, ЕВРО-4, ЕВРО-5 стандартындағы техникалар.

Мекеменің 60 пайызы КамАЗ автокөлігінің базасында болғандықтан, біз негізінен Көкшетау қаласындағы «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ және ресейлік ең ірі автомобиль корпорациясы «КАМАЗ» ААҚ-мен тығыз жұмыс істейміз. Набе-

демекші алға қойылған жоспарлар компания ұжымының ауызбіршілігі арқасында ғана жүзеге аспақ. Сол үшін де, барша «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымын компанияның алға жылжуы мен өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектері үшін зор алғысымызды айта отырып, артылған жүкті біріге көтеруге шақырамын.

Құрылыс индустриясы – қашанда экономиканың негізгі іргетасы. Бұл саланың дамуы – елдің күш-қуаты мен әлеуметтік жағдайының айнасы іспеттес. Дәл сол секілді компания құрылысының жай-күйі де оның әлеуетінен сыр шертіп тұрады.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылыс саласы үшін өтіп бара жатқан 2018 жыл өте қарқынды болды деп айтуға негіз бар. Бір жылдың ішінде компанияда көптеген маңызды нысандар бой көтерді. Атап айтқанда, «МАКС КМ» ЖШС мердігер мекемесімен құны 84 715 880 теңге тұратын Өндірісті техникалық қамту және жабдықтауды жинақтау басқармасында 150 орындық және №2 МГӨБ үш бірдей тұрмыстық-шаруашылық кешен, АЖТБ құны – 53 873 мың тг. тұратын әлеуметтік-шаруашылық кешен, №4 МГӨБ 3 модульдік ғимарат, №1 МГӨБ әкімшілік ғимарат және МӨҚЖТЖБ мекемесінде асхана салынды. Келер жылдың басында №1 СҚКБ әкімшілік ғимарат пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, «Кендірлі» демалыс аймағында КОС учаскесін кеңейту арқылы ағынды суларды тазарту қондырғыларын жаңғырту



Бисен РАТОВ,
Күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директор:

«ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ»

және кеңейту, Жетібай-Қарамандыбас автожолдарына 13,17 шақырым жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Одан бөлек, 145 бұрғылаудан кейінгі мұнай және 28 мұнай айдау скважиналары орнатылды. №1, 2, 3, 4 МГӨБ және МДЖӨҚКБ 110 км ұзындықта мұнай өндіру және тасымалдау құбырларына қайта құру, №2 МГӨБ 1,109 км отындық газ құбырларына қайта құру, диам. 114х8 мм мұнай айдау құбырларына құрылыс жұмыстары жасалды. №1 МГӨБ 3,855 км отындық газ құбырының жылу пештері орнатылды. УПСВ-1, УПСВ-2 су көлемі 5000 м³ су сақтау ре-

«СИТ-Строй», «Oil Construction Company» мекемелерімен де жұмыс істеді.

2019 жылы АЖТБ бригадаларына арнап 2 әкімшілік-шаруашылық кешен салынбақ. Су құдықтарын салу, 140 км «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай құбырларының және мұнай өндіруші кәсіпорындардың су құбырларын қайта құру, өндірісілік жолдарды жөндеу, Жетібай-Қарамандыбас-Жаңаөзен жолдарына жөндеу жұмыстарын жалғастыру жоспар бойынша жүзеге асырыла бермек. Қала халқын ауыз сумен қамтитын 5000 тонналық қайта құру жұмыстарын жүргізу, 30 және 10 орындық әкімшілік-шаруашылық кешен ғимараттарын салып, іске қосу жұмыстары тұр.

«Өзенмұнайгаз» АҚ жайдарман құрамасы Республикалық Жайдарман жоғарғы лигасында өнер көрсетті




«Мектепке жол» акциясы аясында 140 балаға 4 452 470 теңге жұмсалды




«Қойнауы құтты Жаңаөзен» энциклопедиясының жарық көруіне «Өзенмұнайгаз» АҚ 60 млн теңге көлемінде қаражат бөлді



10 street workout және 2 әмбебап спорт алаңдары салынды. 10 мектепке әрқайсысына 13 компьютерден сыйға тартылды



2018 жылы 108 транспорт жаңартылды. Оның ішінде заманауи 44 адамдық 4 Hyundai euro-5 автобустары алынды





Аз күндерден кейін табалдырғымызды аттағалы тұрған Жаңа жылдың алдында компанияның аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаевпен кездесіп, жыл бойы атқарылған жұмыстар легімен, келесі жылғы жоспарлармен таныстық.

– Алдымен бүгінгі таңда атқарып отырған жұмысыңыз жөнінде әңгіме өрбітсек.

– «Өзенмұнайгаз» АҚ он мыңға тарта жұмыскерді еңбекпен қамтып отырған Жаңаөзен қаласының негізгі өндірістік мекемесі. Ауқымды кәсіпорын болғандықтан, бір орталық аппараттан басқарылатын 16 өндірістік басқармалар бар.

Өз басыма келетін болсам, еңбек жолымды 2001 жылдары бастап, содан осы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, кейін мердігер компанияларда еңбек етіп, 2018 жылдың мамыр айынан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ аппаратының басшысы болып тағайындалдым.

Аппарат басқармасына тікелей қарайтын екі департамент пен бір бөлім

жүрміз. Ол кісі ұзақ уақыт «Өзенмұнайгаз» жұмыс жасаған. Сіздерде қандай да бір құжаттар сақталған ба?» – деп өтініш айтты. Кейін арнайы сұраныс жібере отырып, ол кісінің кім болып, қайда, қай жылдары жұмыс жасағандығын мұрағаттық деректерден тауып алды. Архивті ескі құжаттар сақтайтын қор деп емес, ертеңгі күнге мұра болатын тарих деп қарауымыз керек.

Үлкен өндіріс болғаннан кейін, онда үлкен құжат айналымы жүреді. Оларды заңдастыру – барлық талапқа сай болу керек. Бұл тұрғыда сапа қызметі жұмыс жасайды. Міндеті – жылына бір рет мекемелердің барлығында ішкі аудит жүргізіп, жұмысшыларымызды оқытады. Олар барлық құжаттардың ҚР заңнамаларына сәйкес жүруіне, сапалы болуы үшін жауапты.

– Білуімізше, аппарат басшысы қала әкімдігімен мекеме арасындағы келіс-сөздерді жүргізіп, туындаған мәселелерді бірлесе шешетін тұлға. Осы тараптағы жұмыстарға, өзіңіздің функционалыңызға тоқталсақ.

– Тікелей аппарат басшысының жұмысы, осы үш бөлімді қадағалап, жұмыстарына бағыт беру. Одан тыс, апталық әкімдіктегі

Жұртшылықпен байланыс департаментінің халықпен жұмыс жасауын басқа форматқа ауыстыру ойда бар. Қазіргі уақытта компаниямыз туралы барлық ақпарат жинақталған жеке сайтымыз бар. Алайда, қазір адамдардың көбі компьютерге үңіліп, алтын уақыттарын жоғалтқысы келмейді. Қажет ақпаратты қалта телефондарынан алғанды оңай көреді. Осыны ескере отырып, смартфондарға арналған қосымша жасасақ дейміз. «OMG-life» деп аталатын қосымшада біздің мекеменің барлық ақпараттары, жаңалықтарын бөлісетін платформа болады. Жобаның әлі де дамытатын, ақылдасатын тұстары баршылық.

– Заманауи технологияларды жұмыс барысында тиімді пайдаланып келе жатқан-дарыңыз сөзсіз. Осынау жақсы үрдіс алдағы жылы қалай көрініс таппақ?

– Тың жаңалықтарға келетін болсақ, сапа қызметін пайдалана отырып «Бережливое производство» деген технологияны енгізбекпіз. Сапа қызметін атқарушы 16 маманды келесі жылы осы бағытта қайта оқытып, әрбір өндірістік мекеменің жұмысын оңтайландыруға бағыттаймыз. Сол арқылы өзіміздің жұмысымызды тиімді ұйымдастырып, одан алаңдататын, қосымша ақша шығынын қажет ететін салаларды қысқартуымыз қажет. Арнайы дайындық курстарынан өткен сапа қызметінің

Анар ОСПАНОВА,
Бас есепші:

ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ЖҰМЫСТАР



Жалпы, бүгінгі таңда елімізде жаңғыру, жаңару жұмыстары, барлық саланы дамыту шаралары қарқынды жүргізілуде. Қай салада болмасын қағазбастылықтан арылып, жұмысты электронды форматқа көшіруге үлкен талпыныс жасалып жатыр. Бұл тұрғыда қаржы саласында да жаңалықтар бар. Соның бірі, электронды шот-фактура, яғни мемлекеттік деңгейде қаржы саласына осындай жүйе енгізілуде. Бұл салық төлеу барысында заңды тұлғалар тарапынан көлеңкелі тұстар орын алмас үшін, ашықтық, айқындықты қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып жатыр. «Өзенмұнайгаз» АҚ аталған жүйені қолданысқа енгізген алғашқылардың бірі болып көш бастап, 2018 жылдың қаңтар айынан толығымен электронды шот-фактура жүйесіне өтті.

Компанияның қаржы саласындағы биылғы тағы бір пайдалы ісі сорап-компрессор құбырларының есебін шығару бағдарламасын іске қосуы. Өндірісте ұңғыларды күрделі жөндеуге жұмсалатын құбырлар шығыны осы уақытқа дейін нақты саны белгісіз келген. Енді, бұл – жыл бойы жүйеленіп, желтоқсан айынан бастау алған бағдарлама арқылы нақтыланып, ұрлыққа тұсау болады.

Қай-қайсы болмасын жұмыстың нәтижелі болуы, ол, әрине білікті кадрдың, тың ойлы қызметкердің сарп еткен білімі мен жұмсаған күші, ерекше ойының түйіні. Сол себепті, бізде кадрға, оның кәсіби біліктілігін арттыруға аса мән береміз. Бүгінгі күннің мәліметімен айтар болсақ, «Өзенмұнайгаз» АҚ 100-ге шамалас есепші болатын болса, оның 17-сі бас корпуста, 17 құрылымдық басқармада бухгалтерлік бөлім бар, әрқайсысында 5-6 есепшіден жұмыс атқарады. Осы қызметкерлердің кәсіби білігін арттыру мақсатында оқыту жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Арнайы мекемелер, мамандардың кәсіби біліктілікті арттыратын оқуынан бөлек, қосымша өздеріміз оқыту шарасын ұйымдастырдық. КОО мекемесінде жұмыстан кейін ерікті түрде, қызығушылығы бар, білімді дамытамын деуші қызметкерлер арасында 1-2 сағатқа, 3 лекте бухгалтерлік жұмыстағы жаңалықтар, орталық бухгалтериядағы есепшілердің жұмыс барысы көрсетілді. Себебі, орталықтың есебі басқаша жүргізіледі, компанияға түскен кірістер мен шыққан шығындар жалпылама жасалады да, ал құрылымдық басқармалардағы есепшілер болса бастапқы шығындарды құйып отырады, яғни жұмыстарында айырмашылық болады. Қосымша оқытуда осы жүйе қамтылды. Білгенімізді үйрету, оған қоса маманның перспективасын көтеру мақсатында жүзеге асты. Бұл – қаржы директорымыз Сәбит Алибаевтың идеясы болатын. Басшымыз жас болса да, бас бола білетін білімді азамат.



Бауыржан
МАМБЕТСАПАЕВ,
Аппарат жетекшісі:

ЦИФРЛАНДЫРУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІП ОТЫРМЫЗ

жиналысқа қатысамын. Ол жерде де бірқатар мәселелер бар. Мысалы, өндірістегі орынбасарларымыздың бірі экономикаға, енді бірі әлеуметтік салаға, бірі көлік тасымалына жауап береді. Ал, аппарат басшысы қала әкімдігіне байланысты барлық сауалдарға, мәселелерге жауапты.

Ішкі коммуникация бойынша жылына бір рет мекемелерде кездесу өткізіліп, толық ақпараттандыру жұмыстары жасалады. Оның ішкі ережелері бар. Кәсіподақ төрағаларымен де тікелей жұмыс жасаймыз.

Биыл қаламыздың 50 жылдығы болды. Мереке құрметіне қала әкімдігімен бірлікте үлкен шаралар өткіздік. Қала күніне орай гала-концерт, спорттық сайыстар, марафон ұйымдастырылды.

– Қазіргі қарқынды даму мен бәсеке заманында орнында қозғалмай тұрғандар кейіндеп қалып, қозғалыстағылар алға жылжып шығып жатыр. Болашаққа жоспар қандай? Департамент жұмыстарында қандай жаңалықтар орын алмақ?

– Болашаққа деген бағдарламамыз да, жоспарымыз да көп. Соның біріншісі, мұрағатты цифрландыру. Себебі, мұрағат осыған дейінгі ақпараттың барлығын қағаз түрінде сақтап отыр. Алайда, ол сенімсіз. Қазіргі дамыған әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, барлығы электронды түрде. Адамның аты-жөнін теру арқылы, оған қатысты барлық деректерді алып шығатындай болашақта қор жасауымыз қажет.

Елбасымыз өзінің соңғы Жолдауында да сандық технологияларға, соның ішінде кәсіпорында цифрландыруға баса мән берген болатын. Болашақта жаңадан үш қабатты ғимарат салып, оның бірінші қабатында – мұрағат, екінші қабаты сақталған құнды деректерден мұражай жасап, үшінші қабатын Жас мамандар кеңесіне берсек пе деген ой бар. Бұның барлығын компаниямыздың 55 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырсақ дейміз.

бар. Біріншісі, халықпен жұмыс жасайтын Жұртшылықпен байланыс департаменті, екіншісі «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының ішкі және сырттан келетін барлық құжаттар айналымын реттеп отырған Кеңсе. Кеңсеге қарасты мұрағат бар. Оған қосымша сапа қызметі деген бар. Онда 3 қызметкеріміз аппаратта жұмыс жасайды. Ал, қалған 16 қызметкер өндірістік басқармаларда еңбек етуде. Әр департаменттің өзінің жұмыс жасайтын жауапты саласы бар. Мысалы, Жұртшылықпен байланыс департаменті мекеме жұмысын халыққа жеткізуші, екі жақты пікір алмасуды ұйымдастырып, тікелей бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасаса, Кеңсе қазіргі уақытта елімізде кең ауқымда қолға алынған цифрландыру үрдісі бойынша қағаздан бас тарта отырып, іс жүргізеді. Бас директордың да талабы сол болып отыр.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген ғой. Біздің бас директорымыз де қазір негізгі басымдықты IT технологияларға бере отырып, ішкі құжат айналымын толықтай электронды форматқа ауыстырдық. Ол экономикалық тұрғыдан да тиімді.

– Әр департамент пен бөлімнің жауапты жұмыстарына, алдағы уақыттағы жоспарларына кеңінен тоқталып өтсеңіз.

– Мұрағат жұмысына келетін болсақ, онда өте құнды құжаттарымыз сақталған. Адам пенде болған соң, өмір бойы жұмыс жасайды. Қарбалас тіршілік, қым-қуыт уақыт көп жағдайда адамдардың мойнын бұруға мұрша бермейді.

Жақында, осыған қатысты мынадай жағдай болды. Мұрағатымызға жас азаматтар келіп: «Атамыз туралы ешбір деректер таба алмай



Ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып отырған «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында персоналды басқару және дамыту департаментінің негізгі міндеті – компанияның кадрлық саясатын сауатты ұйымдастыру. Бұл орайда, Қоғам тарапынан тиісті іс-шаралар, мамандарды аттестациядан өткізу, сертификаттау жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Жұмысшылар арнайы мамандықтар бойынша Қазақстандағы және шет елдердегі оқу орталықтарына жіберіліп, біліктіліктерін арттырады. Сондай-ақ, мекемеге еліміздің әр аймағынан тәжірибелі мамандар шақыртылып, корпоративтік семинар-тренинг сабақтар ұйымдастырылады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша бүгінгі таңда барлығы **9301 жұмыскер** еңбек етеді.

Аппарат басқармасында – **285 адам;**

Негізгі өндірісте – **3864 адам;**

Транспорттық басқармаларда – **3561 адам;**

Қосалқы басқармаларда – **1591 адам.**

Персоналмен қамтамасыз ету бағытында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тарапынан жұмысқа қабылдауға жарияланған мораторий әлі де өз күшінде екендігіне байланысты, Қоғамның бүгінгі таңдағы маман жетіспеушілігі мәселесін шешу ПБЖДД тарапынан 2 жолмен жүзеге асырылады.

Алғашқысы, 2016 жылы бастау алған «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының шешіміне сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы арасында жұмыскерлерді холдингішілік ауыстыру арқылы жұмысқа қабылдау. Бұл 2018 жылы да жалғасын тапты.

Осыған орай, 2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар арасынан барлығы **153 адам** ауысу арқылы жұмысқа қабылданды.

Ерболат САРСЕНОВ, персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директор:

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ – ЖАҢАРУ



Кейінгісі, Қоғамның өндірістік қажеттілігі негізінде, жұмысшы мамандықтарындағы бос жұмыс орындарын жабу, персоналды ұсыну қызметін көрсетуші мердігер мекемесінен жұмыскерлер тарту арқылы (кадрлық резерв

өндірістік-техникалық бағыт бойынша 25 тақырыпта 4 бағытта, яғни геология, барлау өндіру, мұнай кенорындарын игеру және бұрғылау, күрделі жөндеу салалары бойынша бірқатар оқытулар жүргізіліп, нәтижесінде 65 өндірістік персонал оқытылды. 146 инженерлік-техникалық қызметкеріміз біліктілігін жетілдіру курстарынан өтті.

Сондай-ақ, салалар бойынша оқытулар, атап айтқанда: транспорт – 59, энергетика – 8, механика – 7, ақпараттық технология – 280, мұнай және газ өндіру – 33, заңнамалық бағытта – 114, күрделі құрылыс – 54, сатып алу бағытында – 72, барлығы 627 адам оқытылды.

Мамандарымыздың барлығы да өз істерінің шеберлері.

Кез келген жұмыстың өзінің қиындығы болады, бірақ мұнай өндірілетін зауыт асқан жауапкершілікті талап ететін қауіпті аймақтардың бірі. Қызметкерлеріміздің барлығы уақытылы емтихан, бақылаулардан өтеді. Бір сөзбен айтқанда мұнда сайдың тасындай іріктелген білікті мамандар ғана қызмет етеді. Алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен барша өзенмұнайгаздықтарды құттықтаймын. Несібіміз артып, мұнайымыз молая берсін!

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БЛОК – КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ түрлі салалық департаменттерден құралатын үлкен ағза. Әр салаға жауапты мамандардың жұмысқа қабілеттілігі мен жауапкершілігіне қоғамның жұмысы тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда өзіне тапсырылған міндеттерді абыроймен атқарып, үлкен коммерциялық блоктың жұмысына тікелей жауапты маман – «Өзенмұнайгаз» АҚ коммерциялық сұрақтар жөніндегі басқарушы директоры Алмас Сәрсенбайұлы Сәрсенбаев.

Басқарушы директор материалдық техникалық қамтамасыз ету саласындағы маңызды шешімдерді қабылдау және логистика мәселелерін шешуде өзінің көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін, топ менеджерлік білік дағдыларын көрсете білуі керек. Міне, осындай қасиеттерді бойына тоғыстырып, өзіне сеніп тапсырылған жұмыстың нәтижелі де абыройлы болуы үшін еңбек ететін Алмас Сәрсенбайұлының қоластында бірнеше департаменттер бар. Жалпы алғанда, ТМҚ және шарттардың жоспарын орындау деңгейіне қол жеткізу бойынша Департамент директорлары, мамандардың да біліктілік деңгейлерінің жоғары болуы маңызды.

Бүгінгі таңда Алмас Сәрсенбайұлы басқаратын коммерциялық блок компания стратегиясын табысты жүзеге асырып келе жатқан құрылым. Оның жұмысы негізінен үш бағытты күшейтуді қамтамасыз етуге негізделген. Атап айтқанда, Сатып алу және жергілікті қамту департаменті, Логистика және материалдық техникалық қамтамасыз ету департаменті, Қор талдау департаменті.

Олардың әрқайсысына жекеше тоқталатын болсақ, Сатып алу және жергілікті қамту департаменті қоғамның қызметін оңтайландыру, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты департамент. Сатып алу және жергілікті қамту департаментінің орны ерекше. Себебі, оның негізгі мақсаты сатып алу рәсімдерін уақытылы жүзеге асыру және қоғамның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

Сатып алудың негізгі қағидаттары сатып алу процесінің ашықтығы мен жариялылығына, сондай-ақ, мүгедектік ұйымдарын қолдау шартымен қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тепе-тең мүмкіндіктерді ұсынуға негізделген.

Сонымен қатар, Логистика және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаментінің қызметі Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға қажетті материалдық-техникалық ресурстардың болмауына байланысты тәуекелдерді азайтуға бағытталған.



Алмас СӘРСЕНБАЕВ, Коммерциялық сұрақтар жөніндегі басқарушы директор

Осыдан алты жыл бұрын Қоғамның қайта құрылуына байланысты жаңадан Қор талдау департаменті құрылған болатын. Оның негізгі міндеттері өз қажеттілігіне мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сыртқы және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдаудағы және сату жөніндегі шығыстар мен кірістерді талдау, қоғамның мұнай, газ, газ конденсаты және мұнай өнімдерін өткізу бойынша келісім-шарттардың орындалысы бақылау және талдау жүргізу болып табылады.

Коммерциялық блоктың жұмысы қызмет ету нарығында ұзақ мерзімді трендтерді дер кезінде пайдаланып қалу және компанияның бәсекеге қабілеттілігімен құнын арттыруға бағытталды. Осынау міндеттерге тікелей жауап беретін Алмас Сәрсенбайұлы өзі және өзінің қоластындағы мамандарды кәсіби біліктілік арттыру курстарына жолдап, үнемі білімдерін жетілдіріп отырады.

Соның нәтижесі болса керек, Сатып алу бөлімі 8 айдың қорытындысы бойынша ҚҚС есепке алмай (96,07%) 186 036 млн. сомға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу рәсімін іске асырды. Ал, жергілікті қамтудың іс жүзіндегі үлесі-тауарларға 47,17%, жұмыстар мен қызметтер бойынша 73,43% көрсеткіші көрсеткен.

Материалдық ресурстармен қамтамасыз ету құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

– Жалпы Қоғамда орын алған олқылықтар тез арада қалпына келтіріледі. Ол ең алдымен үлкен кәсіпорынның ешқандай ақаусыз жұмыс істей алмайтындығының дәлелі болса, туындаған мәселелерді тиімді жылдам шешу оның қауқарлылығының айғағы, – дейді басқарушы директор.

Қаржы саласы қашанда үлкен жауапкершілік пен мұқият назарды қажет етіп келеді. Жауапты салада тиімді еңбек етіп жүрген Алмас Сәрсенбайұлы мен оған қарасты департаменттердің жұмысы қашанда сапалы.



МАҚСАТЫМЫЗ НЕ?

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саясатына сәйкес біздің негізгі мақсатымыз қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өндірісте жарақат алу мен оқыс оқиғалардың деңгейін төмендету, денсаулыққа залал келтіруді болдырмау, қызметтің қоршаған ортаға тигізер кері әсерін азайту және «ҚМГ» ҰК» АҚ беделі мен имиджін көтеру болып табылады. Біз қауіпсіздік мәдениетін нығайту, топ-менеджменттің қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін ұстануы, жұмыскерлеріміздің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту (олардың пікірінше, жұмыс қауіпті тәсілмен орындалып жатқанда, оларға жұмысты тоқтату құқығын беру), жазатайым оқиғалардың түпкілікті себебіне талдау жасау әрекетімізді жалғастыра түсеміз.



Өсербай ТҰРСАБЕКОВ, Техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор

ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҰМЫСЫ ҚАЛАЙ АРТТЫРЫЛМАҚ?

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚАНДАЙ?

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорларымен бекітілген кестеге сәйкес, табиғи және техногенді апаттардың алдын алу және жою кезінде азаматтық қорғаныс саласында республикалық көлемде «Көктем-2018», «Қыс-2018» және Жаңаөзен қалалық көлемінде қоғам қызметкерлерінің қатысуымен ауқымды командалық-штабтық жаттығулар өткізілді.

Тағы да айта кететін мәселе, азаматтық қорғау бойынша жұмыстарды оңтайландыру мақсатында, 2018 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымдық басқармаларында ішкі резервтен 11 азаматтық қорғау маманы лауазымы ашылды.

Келешекте, Қоғам бойынша еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігін сақтау, денсаулықты қорғау және мердігерлік мекемелердің жұмыстарының бақылауын күшейту мақсатында, өндірістік құрылымдық басқармалардың еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдерін бір жерге орталықтандыру бойынша басқарма ашу және де супервайзерлік қызметтерді қолдану туралы жобалар дайындалып, көптеген жұмыстар жүргізілмек.

Қауіпсіздік мәдениетін көтеру және өндірісте жарақаттану деңгейін азайту үшін мынадай жұмыстар атқарылды:

- Топтың барлық автомобильдері қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталды;
- «Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты қадағалау» бағдарламасы әзірленді;

Сонымен қатар, қоғам бойынша жол-көлік оқиғаларын болдырмау және алдын-алу мақсатында ТТБ-ның 125 автобусына жаңа 3260 жиналмалы (роликті) сақтандыру белдіктері орнатылды.



ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР БЕКІТІЛДІ?

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бастауымен, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігін сақтау, денсаулықты қорғау, есеп және алғашқы көмек көрсету бойынша 2018 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ төмендегідей ретте корпоративті құжаттар бекітілді:

1. «Өзенмұнайгаз» АҚ аймағында энергия көздерін оқшаулау;
2. «Өзенмұнайгаз» АҚ аймағында қауіпті жұмыстарды жүргізулер барысында еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында болуы мүмкін қауіп-қатерлерді және тәуекелдерді анықтау ережесі;
3. «Өзенмұнайгаз» АҚ аймағында денсаулық сақтау және денсаулық сақтаудың негізгі көрсеткіштері бойынша есеп беру ережелері;
4. «Өзенмұнайгаз» АҚ жедел медициналық көмек ұйымдастыру регламенті;
5. «Өзенмұнайгаз» АҚ аймағында жүргізушілердің көліктерді жүргізу барысында жүргізушілердің іс-қимылдарын бақылау тәртібі бойынша ереже.



ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ КҮШЕЙТІЛУДЕ?

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогының бастауымен, «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмысшылардың жұмыс жүргізу кезінде, жұмыстарын қауіпсіз жүргізу және іс-қимылын бақылау бағдарламасы енгізілді. Бұл жұмысшылардың іс-қимылын бақылау бағдарламасы мекеменің директорынан бастап бас инженер, техникалық қауіпсіздік бөлімі, инженерлері жүргізеді.

Өндіріс аймағында аса сақтық керек. Бұл жұмыстар өзінің оң нәтижесін бергеннен кейін, 2018 жылдың сәуір айынан бастап жүргізушілердің көліктерді жүргізу барысында жүргізушілердің іс-қимылдарын бақылау бағдарламасы енгізілді. Аталған жұмыстар өзінің жалғасын табуда.

Сонымен қатар, өндірісте қауіпсіз еңбек жағдайларын күшейту, қауіпті іс-қимылдардың алдын алу, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау, ақыл-кеңес беру мақсатында 2019 жыл «Еңбекті қорғау» жылы болып жарияланбақ.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ДЕПАРТАМЕНТІ НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?

Қоршаған ортаны қорғау радиациялық қауіпсіздік департаменті өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғам Жарғысына, Қоғамның саясаты мен мақсаттарына, ИБЖ құжаттарына, Қоғамның Бас директорының бұйрықтарына, Ішкі Еңбек Ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің басты қызметтері – бұл өндірісте экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар мен іс-шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жоспарланған шаралардың орындалуын қадағалау, мониторингілеу және талдау, радиациялық қауіпсіздік саласындағы есептер жиынтығын жасау, осы салаларда құжаттаманы жүргізу болып табылады.

ҚАНДАЙ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ?

Жүзеге асқан ірілі-ұсақты жобаларға келетін болсақ, бұл соңғы 3-4 жыл көлемінде 250 мың. м³ -тан астам тарихи ластанулардың және жабдықталған қалдықтарды жинау алаңдарынан 300 мың тоннаға жуық қалдықтардың тазалануы. Оған қоса, өндіріске инновациялық технологияларды енгізу бойынша қоғамның 7 нысанына көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бұлардың барлығы да қоршаған ортаны қорғауды жақсартуға, адамға қолайлы орта жасау, аймақтың микроклиматын жақсарту, өндірістік шығарындылардың зияндылығын азайту үшін жасалып отыр.

БОЛАШАҚ ЖОСПАР НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Болашақ жоспарға келетін болсақ, Қоғам аумағын жақсартуда, әрине, үлкен көлемде инвестициялар қарастырылуда деп айта алмаймыз. Өз кезегімен бөлінген қаражатқа қарай, мердігерлер тараптарынан ұсынылған технологияларды қатыстыра отырып, кенорын ашылғаннан бері жабдықталмаған қалдықтарды жинау алаңдарындағы қалдықтарды өңдеуді жандандыру, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының жүргізілуін жалғастыру.

Сонымен қатар, жыл сайын Қоғамның қоршаған ортаны қорғау бойынша мамандарының біліктілігін арттыру және өндірістегі инженер техникалық қызметкерлерге корпоративті оқу орталығынан жалпы экология бойынша курстар өткізу.